

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

### Хаттама №2

23.12.2019

№24 орта мектебінде ИП «СБС» бөлінген 71 дана жаңа жылдық тәттілерді қамқоршылықтағы, үйден оқитын, көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға беру туралы комиссия отырысы өтті. Қатысқандар: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі.

### Күн тәртібінде

1. ИП «СБС» бөлінген жаңа жылдық тәттілерді берілетін оқушылардың тізімін нақтылау.
2. Ағымдағы мәселелер.

Сөз кезегін мектеп директоры Ли.Х.Е алып, мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталды. №24 орта мектебі бойынша 2019 жылдан бастап әлеуметтік жағдайына байланысты көмек алып отырған 75 оқушы болса, соның ішінде -45 оқушы көп балалы отбасы балалары. 5-11 сынып аралығында әлеуметтік жағдайы бойынша ата-анасының өтінішімен, барлығы 30 оқушы тегін тамақпен қамтылса, соның ішінде -17 оқушы көпбалалы отбасында тәрбиеленуде. 2019 жылдың сәуір айында барлығы 70 оқушыға спорттық кроссовка берілді, сондағы 39 оқушы көп балалы отбасынан, 50 оқушыға спорттық үлгідегі футболка берілсе 22 бала көп балалы 79 оқушыға спорттық костюм берілді, соның ішінде 45 оқушы көп балалы отбасынан қамтылды.

Сөз кезегін мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Кубенова алып биылғы жылы ИП «СБС»- ның атынан 71 дана тәтті сыйлықты аз қамтылған, қамқоршылықтағы, көп балалы, толық емес отбасының және үйден оқитын оқушыларға дайындайтынын айтты.

Жиналыс барысында тәтті сыйлық берілетін 71 әлеуметтік жағдайы төмен оқушының тізімі нақтыланды.

### Қаулы

1. ИП «СБС» бөлінген 71 дана жаңа жылдық тәттілерді қамқоршылықтағы, үйден оқитын, көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға таратып беру жұмыстарын ұйымдастыру әлеуметтік педагог Н.Абдугажиеваға міндеттелсін.

**Жиналыс төрайымы:**

**Хатшы:**

**А.Кубенова**

**Н.Абдугажиева**



Хаттама №3

«Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін №24 орта мектебінде өткен қамқоршылық кеңестің отырысы

Атырау қаласы

09.12.2019 ж

Қатысқандар :7

Мектеп әкімшілігі:6

Күн тәртібі

1. Бүгінгі күні Ресей Федерациясында орналасқан «Геолог Казахстана» пансионатына қысқы демалыс мезгілінде демалуға мектеп тарапынан әлеуметтік мәртебеге байланысты 1 оқушы баланы жіберуге ұсыныс ету.

**Тыңдалды:**

**Қамқоршылық кеңестің төрайымы:** А. Кубенова осы аталған мектепте оқып, білім алып отырған және әлеуметтік жағдайы расталған оқушыны жібергеніміз дұрыс.

Директордың тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары А. Муканова жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдайтындығын және әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыны жіберу керектігін айтты.

**Әлеуметтік педагог:** 2019-2020 оқу жылында мектебіміз бойынша 103 оқушы әлеуметтік жағдайы бойынша тізімде тұр. Жазғы демалыс кезінде 3 оқушы «Геолог Казахстана» пансионатына демалуға барған болатын. Қалалық білім бөлімінің тапсырмасы бойынша 6-8 сынып оқушылары арасынан 1 оқушыны жіберуіміз қажет. Осыған орай мемлекеттік атаулы көмек алатын отбасыдан шыққан, көпбалалы 7 «д» сыныптың оқушысы Есенберген Мадинаны жіберуді ұсынамын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мектеп әкімшілігі бір ауыздан Есенберген Мадинаны жіберу жөнінде шешімге келді.

**Шешім:**

1. Ресей Федерациясында орналасқан «Геолог Казахстана» пансионатына қысқы демалыс мезгілінде демалуға мектеп тарапынан 7 «д» сынып оқушысы Есенберген Мадина жіберілсін.
2. Қалалық білім беру бөліміне жіберілетін сұраныс пен оқушыға қатысты құжаттарды жасақтау Н. Абдугажиеваға міндеттелсін.

Мектеп директорының у.м.а:



Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Г.Ш. Муканова

А. Кубенова



## №24 орта мектеп

### Хаттама №2

24.12.2021

Қалалық білім бөлімінен бөлінген 15 дана жаңа жылдық тәттілерді беруге, оқушылардың мәліметін беру туралы комиссия отырысы өтті.

Қатысқандар: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі.

#### Күн тәртібінде

2. Қалалық білім бөлімінен бөлінетін 15 дана тәтті сыйлық берілетін оқушыларды нақтылау.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық білім бөлімінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 03-04-01-12/3039 хатымен таныстырды. Жаңа жылдық тәтті сыйлықтарды алатын оқушылардың тізімін жасақтау талаптарымен әлеуметтік педагог Н.Абдугажиева таныстырды;

- Белгіленген санаттар бойынша, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтылған оқушылар.

Аталған санаттар бойынша, 15 оқушының мәліметтерін нақты жолдау сұралғандығын айтты.

Жоғарыда көрсетілген санаттар бойынша тізім шығаруды мектептің әкімшілігі және комиссия құрамы жүзеге асыру керектілігі айтылды.

Сөз кезегін мектеп директоры Ли.Х.Е алып, мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталды. Мектеп бойынша оқу жылы басында 104 әлеуметтік жағдайы төмен оқушы анықталды. Балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың жақсы білім алуы үшін жағдай жасау, сонымен қатар мектеп пен отбасы арасындағы тығыз қарым – қатынас, оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарына мектеп әкімшілігі жыл бойына ерекше көңіл бөледі. Кеңес барсында 15 оқушының тізімі нақтыланды. Олар:

№	Оқушының аты-жөні	Қала /аудан	Мектеп	Сынып	Санаты
1	Абдураманова Милана	Атырау	№24 орта мектеп	1 «и»	Қамқоршылықта
2	Қайратқызы Айша	Атырау	№24 орта мектеп	1 «а»	Атаулы әлеуметтік көмек алады
3	Толыбаева Сахибжамал	Атырау	№24 орта мектеп	2 «з»	Атаулы әлеуметтік көмек алады
4	Сарсенбай Ұлдай	Атырау	№24 орта мектеп	2 «в»	Көп балалы
5	Бақтығали Алихан	Атырау	№24 орта мектеп	2 «г»	Көп балалы
6	Орлова Алина	Атырау	№24 орта мектеп	1 «ж»	Көп балалы
7	Нурхуат Мухаммед	Атырау	№24 орта мектеп	1 «б»	Көп балалы

8	Қази Алдияр	Атырау	№24 орта мектеп	2 «д»	Көп балалы
9	Ульянова Мария	Атырау	№24 орта мектеп	4 «и»	Толық емес отбасы
10	Нұрланқызы Ясмин	Атырау	№24 орта мектеп	1 «е»	Аз қамтылған
11	Халикқызы Милана	Атырау	№24 орта мектеп	1 «в»	Көп балалы
12	Сайлаубай Айару	Атырау	№24 орта мектеп	1 «а»	Аз қамтылған
13	Пискарева Диана	Атырау	№24 орта мектеп	6 «ж»	Атаулы әлеуметтік көмек алады
14	Ерсайн Амин	Атырау	№24 орта мектеп	9 «в»	Қамқоршылықта
15	Шайхимеден Асель	Атырау	№24 орта мектеп	9 «а»	Қамқоршылықта

Сөз кезегін мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Кубенова алып, мектеп басшысымен толық келісетінін айтып жеткізді. Кеңес отырысының қорытындысында мектеп бойынша оқушылардың тізімін толық қарастырып, бірауыздан кеңес мүшелері тізімдегі 15 оқушыға берілу керектігі шешілді.

#### Қаулы

2. Қалалық білім бөлімінен 15 тәтті сыйлықты әкелу және жоғарыдағы аты – аталған оқушыларға таратып беру, АКТ жасақтау, әлеуметтік педагог Н.Абдугажиеваға міндеттелсін.

**Жиналыс төрайымы:**  
**Жиналыс хатшысы:**



**А.Кубенова**  
**Н.Абдугажиева**



## №24 орта мектеп

### Хаттама №1

23.11.2021

ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға оқушы қатыстыру туралы комиссия отырысы өтті.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі және «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері

#### Күн тәртібінде

1. Жыл сайынғы өткізілетін дәстүрлі ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушыны нақтылау

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық білім бөлімінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № 03-04-01-12/2708 хатымен таныстырды. Жылда өткізілетін дәстүрлі ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға қатысушы тізімін жасақтау талаптарымен әлеуметтік педагог Н.Абдугажиева таныстырды;

- №64 қаулыға сәйкес жетім, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған ; көп балалы оқушылар.
- Ерекше білімді қажет ететін, дарынды , көп балалы, аз қамтылған оқушылар.

Аталған санаттар бойынша 9-13 жас аралығындағы 2008 – 2012 жылдары туған балалар туралы мәліметтерді нақты жолдау сұралғандығын айтты. Жоғарыда көрсетілген санаттар бойынша тізім шығаруды мектептің әкімшілігі және комиссия құрамы жүзеге асыру керектілігі айтылды.

Сөз кезегін мектеп директоры Ли.Х.Е алып, мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталды. Мектеп бойынша оқу жылы басында 104 әлеуметтік жағдайы төмен оқушы анықталды. Балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың жақсы білім алуы үшін жағдай жасау, сонымен қатар мектеп пен отбасы арасындағы тығыз қарым – қатынас, оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарына мектеп әкімшілігі жыл бойына ерекше көңіл бөледі. Мектеп басшысы қорыта келе мектебіміздегі көп балалы, аз қамтылған 5 «л»- сынып оқушысы Адилова Аружанды ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға қатыстыру керектігін айты.

Сөз кезегін мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Кубенова алып, мектеп басшысымен толық келісетінін айтып жеткізді. Кеңес отырысының қорытындысында мектеп бойынша оқушылардың тізімін

толық қарастырып, бірауыздан кеңес мүшелері тізімдегі оқушыны қатыстыруды шешті.

### Қаулы

1. Мектеп әкімшілігінің және кеңес мүшелерінің шешімімен оқушылардың әлеуметтік мәртебесін ескере отырып ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға қатысушы оқушының тізімі бекітілсін.
2. ҚР Президенті атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршасына көп балалы, аз қамтылған 5 «л»- сынып оқушысы Адилова Аружанды - сынып оқушысы жіберілсін.
3. Оқушының шыршаға уақытылы қатысуын, оқушының қауіпсіздігін қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Мукановаға және әлеуметтік педагог Н.Абдугажиеваға міндеттелсін.

**Жиналыс төрайымы:**  
**Жиналыс хатшысы:**



**А.Кубенова**  
**Н.Абдугажиева**

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Атырау қаласы

8.11.2019 жыл

### Хаттама №1

#### Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі.

#### Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім бөлімінің 01.11.2019 жылғы №03-04-06 -12 /3008 санды хатына сәйкес, жылда өтетін дәстүрлі Президенттік шыршаға қатысушы оқушыны ұсыну.

Тыңдалды: № 24 орта мектебінің директоры ЛИ Х.Е. сөз алды. Биылғы жылы да, жылда өтетін дәстүрлі Президент шыршасына 1 оқушыны жиберуіміз керек. Шыршаға баратын оқушы талап бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтылған отбасы балалары болу керек. Жоғарыда аталған санаттарға жататын және шыршаға қатыспаған оқушы жас шамасы 9-13 жас болуы қажет.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Кубенова сөз алды. Былтыр Президенттік шыршаға барған қандай оқушылар? Сол тізімге қарап отырып бармаған оқушыларды жіберейік.

Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары А. Муканова мектебіміз бойынша қамқоршылықта тәрбиеленіп отырған 7 оқушы бар. Соның 5-уі Президент шыршасына барған оқушылар. 1 оқушының жасы кіші, жасы толық жетіп тұрған 5 «з» сынып оқушысы Бимагамбетова Жасмин болып отыр.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Кубенова әрпне қамқоршылықта тәрбиеленіп отырған оқушы болса осы аталған оқушыны Президенттік шыршаға баруға ұсынамын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері аталаған оқушыны Президент шыршасына қатысушы ретінде жіберуге қарсылықтары жоқ екендерін айтты.

#### Қаулы:

1. Президенттік шыршаға қамқоршылықта тәрбиеленіп отырған Бимагамбетова Жасминді қатысушы ретінде сұранысы Қалалық білім бөліміне жазылсын.
2. Оқушының киімінің өлшемін алу, қамқоршысы Бимагамбетова Гулнараға түсінік жұмыстарын жүргізу әлеуметтік педагог Н.Т. Абдугажиева міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

*Li X.E.*  
*A. Kubenova*

Ли Х.Е.

А. Кубенова